

ӘОЖ 687.1 (574)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН КӨШЕ ЖАРНАМАЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қалабаева Нүргүл Жұмабекқызы

jumabekkyzy97@mail.ru

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистрі,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ғылыми жетекшісі - Байжанова Ж.Б.

Ұлттық мәдени құндылықты графикалық дизайн талабы бойынша жарнамалауға байланысты, оның нысандары қоғамды патриотизмге тәрбиелеу болып табылады. Ұлттық құндылықтарды заманауи тұрғыда жарнаманың көрінісі ұлттық дәстүрдің дамуына және қазақ мәдениетін әлемнің танып білуіне мүмкіндік бере алады.

Ұлттық мәдениетін жарнамалау сипатына қарай визуалды болғандықтан, бүгінгі әлем сөзге емес, бейнеге аса назар аударады.

Уақыт өте келе жарнаманың әртүрлі нұсқалары дамығанымен ұлттық болмысты ерекше көрсететін жарнамалар көрінбеуде. Бұрмаланған және ұмытылған салт-дәстүрлер деректерін көбінесе қоғам кездейсоқ кездестіру үшін көшенің көрнекілік жарнамалық ақпаратын жарияласа қабылдану деңгейі өседі. Осы тұста ғалымдар 95% қандайда бір нәрсенің дамуына ықпалын тигізетін жарнаманың рөлі зор екенін дәлелдеген.

Адамның ақпарат алуына жарнаманың маңызы зор екені айқындалады. Сондықтан визуалды мәдениет арқылы ұлттың болмысын, табиғатын, құндылығын жарнамалау қоғамның эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Адам көзбен көру арқылы білімін, тәрбиесін, рухани болмысын дамытады.

Осы орайда көру мүшесі көзге байланысты В.И.Ракитин: «Көз дегеніміздің өзі адам жанының терезесі деген анықтаманы айтатын болсақ, жалпы сезіммен мүмкін асқақ байлықты және табиғат жаратқан шексіз де әсемдікті қарап көруге, ең басты жол салады. Ал құлақ екінші болып саналады және сол көзбен көрген заттарды әңгімелеу барысында игілікті әсер беруші мүше», – дейді [1].

Қазақтың ағартушысы дамуына өлшеусіз үлес қоса отыра, жиырма жетінші ғасыр сөзінде былай деп атап айтады: «Сократ пен Аристотелдің пікірлері: әуелі көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік?».

Графикалық дизайн – көріністік дизайн нысандарын жасау барысында дизайнер түрлі композиция, жарнамаға арналған құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды т.б. пайдалана отырып, жаппай жарнамалауға дайындайтын көркем-жобалық қызмет. Оның мақсаты полиграфия, кино, теледидар арқылы таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарын визуалдау, сонымен бірге ұлттық мәдени мұралар жарнамасымен дәріптеуде адамдарды

патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық болмыстың бұзылмауына графикалық элементтерімен үлес қосу. Графикалық дизайн орындалу тәсіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді: кітаптағы және газет-журналдағы графика, жарнама графикасы мен плакат, өнеркәсіп графикасы (тауар және фирмалық белгілер, қаптама т.б.), визуалды коммуникациялар жүйесі, теледидарлық графика, суперграфика (қала ортасындағы ірі масштабты графикалық элементтері). Графикалық дизайнның ең маңызды екінші әдісі – жарнамалау көрінісінің мән-мағынасын ашатын, көркем тіл әдеби сөз шеберін қолдану. Графикалық дизайнда суреттен басқа фотографика, монтаж, аппликация, типографикада қолданылады [2].

Өнертанушы ғалым Б.К.Байжігітов: «Бейнелеуші және айқындаушы құрал-тәсілдер шығарманың көркемдік тілін, оның мазмұнын айқындайды» деп түсіндіреді [4]. Мысалы, әдеби шығармалардың өмірден алынып жазылуының өзі де, ойдың көркем тілмен мазмұнын ашса, әр мазмұнға сөзбен суреттелудің нәтижесінде бағынып және айтатын ой сол мазмұнның ішінде болады. Осы сияқты дизайн өнерінде көркем туындыға да сөз беруші, көркем тіл бітіруші және мазмұнын беруші, бейнелеп айқындаушы, оған түр-түс, колорит, қабылдау сезімін туғызатын композициялық ойды қарастырып, іске асырып, шешімін табудағы көркем туындының негізін салушы, суретші қолданып, пай-даланатын тәсілдер бейнелеуші және айқындаушы құралдар екен. Графикалық дизайнның көркем тілі құралдарына сызықтар, штрих, контур, таңба, фактура, бояу түсі, ренділік, ырғақ, жарық пен көлеңке композициясы, шрифт жатады. Мұндай түрлі графикалық-пластикалық құрал-тәсілдер плакат, буклет, күнтізбе, кітап, журнал, жарнама, фирмалық өнімдер графикалық дизайнның басқа да нысандарына кеңінен қолданылады.

Графикалық дизайнның негізі – графика. Графика – гректің *graphike*, *grapho* жазамын, сызамын, саламын дегенді білдіреді. Графикалық дизайн күнделікті өмірімізде кез-келген заттың ұғынықты көрсетілуіне қамтамасыз етеді. Графика өнерінде алуан түстер белгілі мөлшерде ғана қолданылады.

М.Ж.Тәңірбергенов: «Өзінің табиғаты жағынан графика қандай да көркем шығармашылық ретінде ізгілікке толы. Ол халықтың қоршаған орта, табиғат жайындағы үнемі жаңартылу үстіндегі, санғасырлық эстетикалық түсініктерін танытады. Осы себепті де графика тұтас және үйлесімді көркемдік жүйе бүгінде бізге өте қажет, себебі ол рухани өмірді байытудың елеулі шарты саналады», – дейді [3].

Ұлттың болмысы, мәдениеті эстетикалық жағынан графикалық дизайн қызметі қалыптастырады. Кешегі ұмытылған және бүгінгі бұрмаланған дәстүрдің қайта қалпына келуіне полиграфиялық жарнамалау әдісі қолға алынады. Сонымен қатар, қазіргі таңда жасөспірімдердің 85%-өз ұлтының тарихын, салт-дәстүрінің мән-мағынасын, жалпы ұлттық ерекшеліктерін білмеуі мен аса мән бермеуі жиі байқалады. Бұның себеп-салдары заман ағымының түрліше бұрмаланып, өзгеріп келеді. Кешегі бізге зор сеніммен ата-бабамыздың аманаттап кеткен ұлттық мұраның қаймағын бұзбай, ертеңгі ұрпағымызға жеткізу сіз бен біздің міндетімізге жатады. Жастарды отансүйгіштікке баулуға, рухани азық ой-санасын дамытуға, әлемнің қазақ еліне деген көзқарасын жақсартуға ең алдымен қала көшелеріне ұлттық құндылықтар жарнамасының графикалық дизайны жобаланады. Дизайнда ұлттық құндылықты рухани жаңғыртуға мәдениет қозғаушы күш болып табылады.

Мәдениет – ұлттың мәйегі. Мәдениет (латынша *cultura* – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның қозғалысы арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделеді. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атауға болады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат».

Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді.

Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары:

- ✓ мәдени әрекет
- ✓ мәдени орта
- ✓ мәдени игіліктер мен қажеттіліктер
- ✓ мәдени ұйымдар мен ұжымдар.

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылысқа жатады. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметін мен мәдени қатынасына әсер етеді және өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Ұлы орыс сыншысы В. Г. Белинский дәстүрлердің өміршеңдігі туралы былай деп жазды: «Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ғасырлар бойы сыннан өтті. Олар өз уақытында қалқанға көтеріліп, ата — бабадан ұрпақтарға қазына ретінде-рудан руға, ұрпақтан ұрпаққа көшті. Олар халықтың сыртқы түрі болып табылады. Оларсыз халық-тас мүсіні сияқты шексіз кескін».

Дәстүр туралы тарихқа шолып қарасақ, ащы шындықтың түп тамыры ақтарылады. Бүгінге дейін қазақтың ерекшелігіне көз салмай, араласпаған ұлт аз емес. Оған дәлел келтіретін болсақ, Зейнеп Ахметова апамыздың баяндамасында нақты айтылған. Қазақтың ұлттық киімі ислам діні пайда болғанға дейін шарифатқа сай және ашық-шашық емес мәдениетті, тәрбиелік мәні бар, ешқандай мін-сынға ұшырамай келген ұлттық келбетіміз ұлттық киім. Осы уақытқа дейін әр ұлт өкілдері қазақ болмысын тау мен тасқа соғумен әуре болып келеді.

Бірінші дәлел: Қазаққа араб келіп, ұзын шұбартылған қара шөберегін байлады, одан еуропалықтар келіп етек-жеңін қысқартты. Содан қазақты жылтырағанның бәріне қызылды-жасылды түрліше еліктетіп, ұлттық образын жоғалтуға тырысып келеді.

Екінші дәлел: Ұлттық салт-дәстүрімізде алып қашу әдісі жаугершілік соғыс заманда, жаулар кек алу мақсатында қазақ қыздарын ұрлаудан пайда болғаннан кейін орыс пен өзбек ұлты осы қуулықты өз дәстүрлеріне қосып алады.

Үшінші дәлел: Тіл мәдениеті. Өнер алды – қызыл тіл деп Абай атамыз айтқандай, ең көркем әрі бай тіл – қазақ тілі. Қазақ даласында ата-бабаларымыздың даналық әрбір айтылған сөздерді ешбір өзге тіл аударылмай келеді.

Графикалық жарнамада ұлттың келешегіне байланысты мемлекеттік тілді дамытады. Қазақ тіл мәдениетімен шектеліп қана қоймай, ертеден бастап дизайн өнері алғаш рет қазақтарда пайда болған. Оған дәлел көрсете алады. Дизайндың пайда болуы, тарихы, дамуы ежелден бері қазақ даласында бастау алған. Қазақтың ажарын ашатын таңба дизайн көрнекілік ол ою-өрнек.

Дәстүрсіз елдің болашағы болмас деп өз ұлтымыздың дәстүрін күнделікті ұстануды бағыттауға ашық кеңес беретін жарнама көмектеседі. Рухани байлығымызды әлемге паш етіп, мақтанышпен жеткізе білетін бірден-бір әдіс графикалық жарнама дизайн жобасы болып табылады.

Жарнаманың жобалау кескіндемесінің көрнекілігі ұлттық ою-өрнектер элементтері бастау алады. Ою-өрнексіз жарнаманың мән-мағынасы ашылмайды. Жарнаманың басты көрінісі этностилді ою-өрнектер болады. Ою-өрнексіз ұлттың образы ашылмайды. Сол себепті, ою-өрнектердің өзіндік ерекшеліктерін қолдану барысында ұлттың образы ашылады. Қоғамға жалпы ақпараттық жарнаманың ажарын ою-өрнектер ашады. Ою-өрнек жалпы халықтың ежелгі мәдениеті туралы ақпараттарды жинақтаушы болып табылады.

Ұлттық құндылығымызды рухани жаңғырту мақсатында, ұлттың пайдасына асатын дизайн жобасының жарнамалықжиынтықты қолдана отырып, қазақ халқының жан-жақты біртұтас ерекшеліктерін көрсету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ракитин В.И. Искусство видеть – М.: Знание, 1973 – 326 с./43/

2. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы, Жалын, 1995-384 бет. /306/
3. Мауленова Г., Амандыкова Д. Технология и техника графики: Учебное пособие. – Астана: Фолиант, 2011 - 192 с. /9/
4. Байжігітов Б.К. Қазақтың қолөнері тарихы: Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік: оқу құралы. – Алматы, 2012 – 265 бет. /134/
5. Тілеуханов Н.С. Көркем өнер мәдениетінің монография – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012 – 162 бет. /101/
6. Танирбергенов М.Ж. Графика: Учебное пособие. – Алматы: ИздатМаркет, 2006 – 80 с., илл. /15/